

Атбасар ауданы әкімдігінің қаулысын күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № а-7/220 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарына сәйкес, Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні қолданыстағы заңнамаға келтіру мақсатында Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қазандағы № а-10/435 «Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» қаулысы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4433 болып тіркелген («Атбасар», «Простор» газеттерінде 2014 жылғы 28 қарашада жарияланған) ескірген ретінде күшін жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Никишов